

"Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссияның жұмысы туралы Ережені" бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 1999 жылғы 8 маусым N 41 бұйрық. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 82 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Әділет министрлінің 2010.03.12 № 82 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Сот сараптамасы туралы" Заңның 17, 18 - баптарының талаптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қазандағы N 1021 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау Ережесінің 15 тармағына сәйкес
Б ұ й ы р а м ы н :

Ұсынып отырған "Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссияның жұмысы туралы Ереже" бекітілсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
1999 жылғы 8 маусымдағы

N 41 бұйрығымен бекітілген

Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссияның жұмысы туралы Ереже

1. Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N1021 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау Ережесінің 15 тармағына сәйкес құрылады (одан әрі - Ереже). Z100240

2. Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссия (одан әрі комиссия) лицензияны беру, лицензияны кері қайтарып алуға, сондай-ақ тоқтатуға және оның жұмысын қайтадан жаңартуға байланысты мәселелерді шешу мақсатында құрылады.

3. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 17 сәуірдегі N2200 "Лицензиялау туралы" Жарлығын және Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот-сараптама Орталығының өкілдері кіреді. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Комиссия мына міндеттерді атқарады:
лицензиатқа ұсынған мәлімдеушінің талаптарына сәйкес ұйғарымды анықтау;

лицензияны беру немесе қарсы болу жөнінде қабылданған шешім;
лицензияны толтыру және беру;

мәлімдеушіге лицензия берудің қабыл алынбауы әрі оның себебін көрсетіп
х а б а р л а у ;

лицензиаттың талаптарына сәйкес бақылауды нығайту Қазақстан
Республикасының Заңдарымен Ережелерінде қамтылған;

қабылданған шешімді қайтарып алу, жедел түрде оның жұмысын тоқтату,
сонымен қатар лицензия қызметін тоқтату әрі жаңарту; лицензиатқа лицензия
қызметін тоқтатқаны (себептерін анықтай отырып) және қайтадан жаңартқаны
ж ө н і н д е х а б а р л а у ;

лицензиялық құжаттардың бланкілерін есепке алу және сақтау, лицензия
к ө ш і р м е с і н ж а н е о н ы т і р к е у ;

6. Комиссия мәжілісінің мерзімділігі Ереженің 17 тармағымен белгіленеді.

7. Комиссия лицензияны беру, лицензияны қайтарып алу жөніндегі шешінді,
сонымен қатар оның жұмысын тоқтатып қою, тоқтату және оның қызметін
қайтадан жаңарту ісін жинақталған құжаттардың негізінде қабылдайды.

8. Комиссияның шығарған шешіміне сәйкесті сот-сараптамалық қызметті
жүзеге асыруға байланысты құқықтық лицензия Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Орталық аппаратында жүргізіледі, немесе лицензиаттың арызы
бойынша оның мекен-жайына сәйкес облыстық Әділет басқармаларында
ж ү р г і з і л е д і .

9. Комиссия жеке тұлғаның сот-сараптамалық қызметінің лицензиясы болуы
негізінде іске асырылуына, сараптамалық қорытындыларды рецензиялаудың
мерзімділігін (кемінде 1 жылда бір реттен) анықтауды ұйымдастыру, сондай-ақ
сот сараптамалары жөніндегі шағымдарға байланысты бақылауды жүзеге
асырады. сараптамалары жөніндегі шағымдарға байланысты бақылауды жүзеге
а с ы р а д ы .